

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ ӘРІПТЕСТІК ТЕТІГІ, ӘЛЕУЕТІ

Қаби Қарахан Зейнуллаұлы

kabi.96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Мжб-33, 3 курс, мамандық «Мемлекеттік және жергілікті басқару»

Ғылыми жетекшісі – Амренова Ғ.К.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» екендігін айта отырып, «мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі принципіне негізделген сенімді диалог құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны іске асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді» деп көрсеткен болатын. Әртүрлі мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, ұзақ мерзімді стратегияларды тиісті деңгейде жүзеге асыру кезінде де мемлекеттік-жеке меншік әріптестік үлгісін қолдану айтарлықтай жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен жеке меншік сектордың өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, тиімді әріптестік қатынастарды дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру кезінде мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігін жетілдіру қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекеттік-жеке әріптестік көптен бері күллі әлемде өзін жекеменшік инвестицияларды қоғамдық маңызды жобаларды қаржыландыруға тартудың тиімді және икемді тетігі ретінде көрсетіп келеді. Мемлекеттік-жеке әріптестік бүгінгі таңда Үкімет пен өңірлер және бизнес арасында өзара тиімді, ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құру арқылы әлеуметтік маңызды жобаларды іске асырудың шынайы баламасы болып келеді.

Мемлекеттік-жеке әріптестік ұғымына анықтама бере кетсем, алдымен концессия сөзіне тоқталу керек, өйткені мемлекеттік-жеке әріптестік өз бастауын осыдан алады.

Концессия (латын. concessio – рұқсат, кеңшілік жасау,), бір тарап (құқық, меншік иесі) екінші тарапқа (пайдаланушыға) сыйақы үшін құқық иесіне тиесілі айрықша құқықтар кешенін, соның ішінде фирмалық атауға немесе коммерциялық таңбаларға құқығын, қорғалатын коммерциялық акпаратқа, тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне, т.б. құқықты белгілі бір мерзімге немесе мерзімін көрсетпей кәсіпкерлік қызметте пайдалану құқығын беретін құқықтық қатынастар.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі (МЖӘ) – бұл өзара тиімді шарттар негізінде қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешу үшін мемлекет пен бизнестің орта және ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынас формаларының жиынтығы.[1]

МЖӘ тетіктерін қолдану мемлекетке де, бизнесті дамытуға да бірқатар артықшылық береді. МЖӘ механизмін қолдану арқылы мемлекет халыққа қызмет көрсету функциясын ғана емес, сондай-ақ тәуекел мен жауапкершіліктің бір бөлігін жеке бизнеске өткізіп береді. Мұндай механизмді іске асыру арқылы бюджет ауыртпалығын төмендетуге, бизнестің мемлекеттік активтерді басқаруға қатысуына, жаңа инвестиция көздерін тартуға және мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігінің ұтымды үлгісін енгізуге қол жеткізіледі. Мемлекеттік-жеке серіктестікті жүзеге асыруға екі жақта мүдделі, оның себебі төмендегі тиімділік критерилері кестесінен көруге болады.

Өткен жылдың аяғында, дәлірек 31.10.2015 елімізде мемлекеттік-жеке әріптестік секторына тура бағытталған мамандандырылған заң қабылданды. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Оған дейін бұл сала ҚР «Азаматтық кодексімен», «Концессиялар туралы» заңымен т.б. нормативтік-құқықтық актілермен реттеліп келген болатын. Енді мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың негізгі

тетіктері жаңадан қабылданған «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» жаңа заңымен реттелетін болады. Заңның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы мен жеке сектор арасында қолжетімділік деңгейін және қоғамдық игілік пен қызмет көрсету сапасын арттыру үшін ресурстарды біріктіру жолымен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыру және күшейту болып табылады. МЖӘ туралы заң жұмыс істей отырып өз алдына міндеттер, қағидаттар қояды, сонымен бірге айрықша мынадай белгілерін анықтайды.

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу арқылы мемлекеттік әріптес пен жекешелік әріптестің қатынастарын орнату;

Кесте 1- Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің тиімділік критерилары

Тиімділік критерилары		
мемлекет үшін: -мемлекеттік бюджетке шығының қысқарту; -инновациялық технологияларды барынша жылдам енгізу; -ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту; -шағын және орта бизнесті дамыту; -инфрақұрылымның жедел қарқынмен дамуын және сапалы қызметтер ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ету;	жеке сектор үшін: -жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше табыстың жаңа көздері; -мемлекеттік активтерді басқаруға қатыса алу мүмкіндігі; -тәуекелдерді мемлекетпен бөлісу; -тұтынушылардың мұқтаждарына арналған қызметтерді неғұрлым айқын бағдарлау; -жеке сектордың орталық және жергілікті органдармен жасасатын ұзақ мерзімді келісімшарттары нысандарының алуан түрлілігі;	тұтынушы үшін: - қызметтерді тұтыну - шылардың «баға-сапа» оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету; -жобаны іске асыру нәтижесінде алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасын артуы; -қызметтердің қысқа мерзімділігі мен қол жетімділігі; - жаңа жұмыс орындарының құрылуы;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудың орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңі (мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының ерекшеліктеріне қарай үш жылдан отыз жылға дейін);

3) мемлекеттік әріптес пен жекешелік әріптестің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруға бірлесіп қатысуы;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін мемлекеттік әріптес пен жекешелік әріптестің ресурстарын біріктіру жатады. [2]

МЖӘ тетігін практикаға енгізу үшін арнайы орган Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы құрылды. Орталық елімізде жаңа үлгідегі МЖӘ дамытудың алдыңғы қатарлы сараптамалық ұйым болып табылады. Бұл орталыққа мемлекеттік-жеке әріптестік саласында жоғары білікті, бірегей білімі және практикалық тәжірибе иелері жұмылдырылған. Негізі қызметі мемлекеттік-жеке әріптестік саласында зерттеулер жүргізуге, инвестициялық жобаларды сараптау және оның іске асырылуын бағалауға бағытталып отыр. Қызметінің маңызды тармағы – ғылыми негіз қалыптастыру және кадрлық әлеуетті дамыту. Әдеттегі оқыту курстарын жүргізумен қатар ЖОО-мен ынтымақтастықта МЖӘ саласындағы магистранттарды оқыту бағдарламасын іске асыру, оқу-зерттеу лабораториясын құру. Орталық заң шығарушы және атқарушы билік органдарымен, ұлттық компаниялармен, халықаралық және қоғамдық ұйымдармен әр деңгейде тығыз әрі өзара тиімді әрекеттестік орнатқан. Орталық мемлекеттік-жеке әріптестік саласын дамыту бойынша көкейтесті мәселелерді талқылап қана қоймай, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөніндегі сарапшылық ұсыныстарды

өндіретін кеңінен танымал дискуссиялық алаңдарды ұйымдастырудың бастамашылары қатарында.

МЖӘ тетігі мемлекетпен бірге жұмыс істеймін дегендерге барынша қол жетімді. Мемлекеттік-жеке әріптестік туралы Заң жеке меншік объектілері бар кәсіпкерлерге (балабақшалар, медициналық мекемелері және т.б.) Мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларына бастама жасауға және баламалы ұсыныстар болмаған жағдайда, конкурс өткізбей тікелей келіссөздер жүргізу негізінде шарт жасау мүмкіндіктерін береді. Тағы айта кететіні МЖӘ шағын нысандарының үлгілік құжаттама негізінде іске асырылатын құны 4 млн-ге дейін айлық есептік көрсеткішті құрайтын (8,4 млрд.теңге) жобалар бойынша, алдын-ала біліктіліксіз және сараптамасыз конкурс өткізіледі.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің елімізге әкелер пайдасын нақты мысалдармен келтірсек, елімізде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында «Бәйтерек» холдингі 390 млрд теңгеден астам жеке сектордан тартылған қаржыға 17 жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта 282 млрд. теңге мөлшеріндегі жеке инвестициялардың сомасына 11 жоба құрылымдалды, 2016 жылы 110 млрд. теңгеден кем емес жеке инвестициялардың сомасына қосымша тағы 6 жобаны құрылымдау жоспарланып отыр. Соның бірі Алматы қаласында жеңіл рельсті көлік желісін салу және пайдалану жобасы. Жобаның маңыздылығы сол, ең алдымен экологиялық мәселенің шешуі болмақ, себебі Алматы қаласында бір күн ішінде 700мың көлік құралы қозғалады және солардан шыққан парникті газдар оңтүстік астананың ауасының ластану көрсеткішінің 80% көрсетіп отыр. Күн сайын алматы қаласы бойынша 1млн рет қоғамдық көлік пайдаланылады және қала бойынша жолаушы тасымалының 30% қоғамдық автобустарға тиесілі. Сонымен қатар, жолаушыларға қызмет көрсету мәселесі шешілмей келеді. Бұл жерде жеңіл рельсті көліктің берері мол болмақ. Тартылған жеке инвестициялар 521 АҚШ доллары. Желінің жалпы ұзындығы 22,9км, бағыты индустриялық аймақтағы деподан басталып, Б.момышұлы, Төле би, Панфилов көшелері, «Астана» алаңы, Мақатаев және Жетісу көшелерімен өтеді. Сонымен қатар, желіні Батыс автовокзалы мен соңғы метро бекетіне, яғни, Райымбек даңғылы арқылы Қалқаман шағын ауданындағы Әуезов көшесіне дейін жеткізу көзделген. Жоба құрылымысы 2016жылдың 3-ші кварталы мен 2018 жылдар аралығында жүреді, пайдалану мерзімі 27,5жыл. [3]

Жобаны жүзеге асыру- «Алматы қаласын дамыту-2020» бағдарламасына сәйкес, қалаға іргелес жатқан аудандарды және бизнес секторды дамытуға септігін тигізеді. Одан басқа қаладағы басты магистралды көшелердегі көлік қозғалысын жеңілдетуге оң әсерін тигізеді, сондай-ақ экологиялық жағдай онала түседі. Сол кездегі қала басшысы Ахметжан Есімов «Алматыда жолаушы көлігінің дамымағаны айдан анық. Бұл экологияға да әсер етуде. Біз коммуналдық парктер салуды қолға алдық, метроны да аяқтайтын боламыз. Ал жеңіл рельсті желіні іске қосу – қажеттілік»-деп жобаның маңыздылығына баса назар аударған болатын.

Мемлекеттік-жеке әріптестік бизнеске өзара тиімді шарттарда ұлттық экономиканың барлық салаларында, оның ішінде мектептер, балабақшалар, емханалар, автомобиль жолдары салуда және т.б. мемлекетпен ұзақ мерзімді ынтымақтастық құру жолымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, мемлекет әлеуметтік саласының мәселелерін шешу, бизнес – кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жағдайлар мен пайда алу үшін қосымша мүмкіндік алады. Бүгінгі таңда МЖӘ-нің барлық қажетті заңнамалық және әдістемелік базасы әзірленген, сондай-ақ институционалдық жүйесі қалыптастырылды. Нысандарды салып қана қоймай, оны пайдалану, қызмет сапасының тиісті деңгейін сақтай отырып ұзақмерзімді перспективада оны басқару қажет. Осы мақала баршанызға жаңа білім алуға жәрдемдеседі деген үміттемін. Сонымен бірге өз деңгейінде мемлекеттік-жеке әріптестік саласына енгізу үшін жаңа идеялар мен жобалар тудырады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиет

1. «Государственно-частное партнерства. Механизмы реализации», А.Алпатов, Р. Джапаридзе, А. Пушкин . «Альпина Паблишер» баспасы, 2010 жыл.
2. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ, 3-4баптар
3. «Мемлекеттік-жеке әріптестік» Орталығы АҚ-ң интернет ресурсы, <http://kzppp.kz/>

УДК 33.338.1

РАЗВИТИЕ ИНСТРУМЕНТОВ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Кадыркул Салтанат

Saltanat89@mail.ru

магистрант 1 курса университета «Туран - Астана»

Научный руководитель - к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.

На основе оценки инновационной деятельности Казахстана были выработаны рекомендации по совершенствованию политики в этой области, призванные способствовать повышению эффективности национальной инновационной системы и потенциала участников инновационного процесса. Эти рекомендации по широкому спектру вопросов инновационной деятельности касаются таких вопросов, как выбор стратегии, распределение ресурсов, разработка новых направлений политики или ее целевых инструментов. [1]

Что касается национальной инновационной системы (НИС), нужно продолжить работу, направленную на укрепление взаимозависимости ее различных компонентов с помощью «горизонтальных» инструментов, облегчающих такие связи, в частности государственной поддержки механизмов координации и распределения рисков. Кроме того использование политических инструментов, способствующих увеличению спроса на инновации, а также развитию и модернизации рыночной инфраструктуры поддержки инновационного процесса, включая соответствующие услуги. Необходимо также подумать о развитии нетехнологических форм инновационной деятельности, в частности в сфере услуг.

Роль университетов и других образовательных учреждений, являющихся частью национальной инновационной системы, могла бы быть усилена за счет поддержки в воплощении их идей в конкретные инновационные проекты и укрепления связей с другими участниками инновационного процесса. Рекомендован ряд мер, включая подготовку практических шагов по увеличению вклада лидирующих исследовательских университетов в инновационную деятельность Казахстана, выработанных на основе детального анализа существующих ограничений и возможностей. Была также рассмотрена возможность слияния некоторых исследовательских институтов с университетами, введения целенаправленных мер для поощрения предпринимательской деятельности в исследовательских и учебных организациях, дальнейшей поддержки механизмов передачи технологий и создания в университетах отделений по связям с промышленностью. [1]

Также предлагаются дальнейшие меры по укреплению горизонтальных компонентов инновационной политики с целью облегчения координации инновационной политики и обеспечения ее эффективного планирования и реализации. Они включают в себя создание Национального инновационного совета, в котором в равной степени будут представлены деловые круги и соответствующие министерства. Совет мог бы иметь функции основного консультативного центра по инновационным вопросам и обладать широкой компетенцией, включая рассмотрение нетехнологических аспектов и общих рамочных условий инновационного процесса. Кроме того, новое Национальное агентство по технологическому развитию должно быть наделено функциями основного исполнителя инновационной политики. Рекомендуется постепенное повышение в инновационной политике роли